

КОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«КОСТАНАЙ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
КОСТАНАЙСКОГО РАЙОНА»
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

111100, Қостанай облысы, Қостанай ауданы,
Тобыл қаласы, Школьная көшесі, 40,
төл.: 8 (71455) 2-18-47

111100, Костанайская область, Костанайский район,
город Тобыл, ул. Школьная, 40,
төл.: 8 (71455) 2-18-47

10.09.2025. № 1415

**Жалпы білім беретін ұйымдарда
2025 жылына арналған
тамақтану құнын бекіту туралы**

Қостанай облысы әкімдігінің 2025 жылғы 10 ақпандағы № 32 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-аналық төлемақының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы "Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 20 қаңтардағы № 23" қаулысы негізінде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы, ҚР Үкіметінің 2022.10.26 № 850 қаулысы, әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі-қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету тәртібін айқындайды. білім беру ұйымдарында білім алу кезеңі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының 2021 жылғы 01 қазандағы № 468 «Қостанай облысының мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 «қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидалары, отбасылардан шыққан мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай – ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмек талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де оқушылар мен тәрбиеленушілердің санаттарына».

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының 2025 жылғы 06 қаңтардағы № 10 «Орта білім беру ұйымдары үшін перспективті мәзірді

000651

бекіту туралы» 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 832 бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы» бұйрығы,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілердің келесі санаттарына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру:

- 1) жетім балаларға және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 2) Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға, мүгедектерге және бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға беріледі.

2. Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында тегін тамақтандыруды ұйымдастыру:

- мектепалды даярлық сыныптарының балалары үшін:

- 1) жетім балаларға және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 2) Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға, мүгедектерге және бала кезінен мүгедектерге, мүгедек балаларға беріледі.

- жалпы білім беру ұйымдарында білім алатын білім алушылар үшін:

- 1) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) жетім балаларға және отбасында тұратын ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
- 4) Төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына беріледі.

3. "Қостанай ауданының білім бөлімі" ММ жалпы білім беру ұйымдарында білім алушылардың келесі санаттарына 10.09.2025 бастап 6-10 жастағы балалар үшін жас ерекшеліктерін ескере отырып, бір реттік жеңілдікті тамақтанудың құны – 760 теңге (ҚҚС - сыз); 11-15 жас – 807 теңге (ҚҚС - сыз); 16-18 жас-852 теңге (ҚҚС-сыз), 100% өтемақымен-мектепке дейінгі даярлық сыныптарының балалары үшін 760 теңге сомасында белгіленсін.

- 1) көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;
- 2) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын азаматтардың өзге де санаттарына беріледі.

4. 10.09.2025 жылдан бастап толық күн болатын шағын орталықтардың тәрбиеленушілеріне жеңілдікпен бес рет тамақтандырудың құны белгіленсін: – 994 теңге сомасында , шығыстардың 100% өтемақысымен-994 теңге сомасында, тәрбиеленушілердің келесі санаттарына:

- 1) көп балалы отбасылардан шыққан балаларға;

2) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын азаматтардың өзге де санаттарына беріледі.

5. 10.09.2025 жылдан бастап "Қостанай ауданының білім бөлімі" ММ жалпы білім беру ұйымдарында білім алатын 1-4 сынып оқушылары үшін 760 теңге сомасында, 6-10 жастағы балалар үшін жас ерекшеліктерін ескере отырып тамақтану құны – 760 теңге (ҚҚС - сыз); 11-15 жас - 807 теңге (ҚҚС-сыз), шығыстардың 100% өтемақысымен белгіленсін.

6. 10.09.2025 жылдан бастап "Қостанай ауданының білім бөлімі" ММ жалпы білім беру ұйымдарында білім алатын 1-4 сынып оқушылары үшін шығыстардың 100% өтемақысымен бір реттік буфеттік тамақтану құны 500 теңге сомасында белгіленсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Қостанай облысы әкімінің
білім басқармасы» ММ
басшысының м.а.



Кокишева М. Б.